



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 28 мамыр

### 2018 жылғы 18 мамырдан 25 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің<sup>1</sup> валюталары бойынша шолу

25 мамырдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,3%-ға (328,31-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 327,42 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2018 жылғы 18-25 мамыр аралығы кезеңінде монетарлық саясатты қатаңдатуды жылдамдату бойынша жоспарлардың жоқтығын көрсеткен АҚШ ФРЖ мамырдағы отырысының хаттамасын жариялау, АҚШ Президенті Д. Трамптың Қытаймен сауда қатынастарының талаптарын қайта қарау және автомашиналар импортының тарифтерін 25%-ға дейін көтеру мүмкіндігі туралы мәлімдемесі, АҚШ және Солтүстік Корея президенттерінің Сингапурдағы кездесуден бас тартуы, Италиядағы саяси айқын еместік маңызды оқиға болды. Бұл факторлар АҚШ мемлекеттік бағалы қағаздарының жоғары кірістілігімен бірге әлемдік нарықта дамыған елдердің валюталарына қатысты АҚШ долларының нығаюына әкелді.

Дамушы елдер<sup>2</sup> валюталары бағамдарының АҚШ долларына қатысты серпіні былайша қалыптасты:

- **түрік лирасы** аптаның басында рекордтық төмендеуді көрсете отырып 5,1%-ға (4,49-ден 4,72-ға дейін) әлсіреді, ол инвесторлардың нарықтан шығуына байланысты. Лираның құлдырауы және инфляцияның сәуірде 10,85% мәнге жетуі аясында Түркияның Орталық банкі кезектен тыс жиналыста басқа мөлшерлемелерді өзгеріссіз қалдыра отырып, кеш қарыз алу мөлшерлемесін 3%-дан 16,5%-ға дейін көтерді. Президент Р.Т. Эрдоганның инфляцияның өсуін тежеу бойынша шаралар қабылдауға және валютаны әлсіретуге қатысты мәлімдемесін нарық бірдей емес бағалауда. Талдаушылардың пікірі бойынша инфляцияны бұдан әрі көтеру, ағымдағы шот дефицитінің және елдің тәуелсіз рейтингісін төмендету тәуекелі шетелдік инвестициялардың әкетілуін жалғастыруы мүмкін.


- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға (14 156-ден 14 125-ке дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** 0,2%-ға (62,36-ден 62,22-ге дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** 0,4%-ға (68,01-ден 67,77-ге дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** Оңтүстік Африка Резервтік банкінің базалық мөлшерлемені 6,5% деңгейінде сақтауы, сол сияқты тұтынушылық бағалар индексінің өсуін (4,5%) жариялау аясында 2%-ға (12,76-ден 12,5-ке дейін) нығайды, бұл реттеушінің инфляцияның нысаналы 3-6% деңгейіне сәйкес келеді;

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

- **Мексика песосы** Еркін сауда туралы Солтүстік Атлант келісімін (НАФТА) қайта қарау бойынша келісімге қол жеткізу мүмкіндігіне қатысты оптимизм аясында 2,1%-ға (19,95-ден 19,54-ке дейін) нығайды;

- **Бразилия реалы** Бразилия Орталық банкінің мамырдағы отырысы хаттамасын жариялау аясында 2,4%-ға (3,74-ден 3,65-ке дейін) нығайды, онда нысаналы мөлшерлеменің төмендеуі қолайсыз жаһандық экономикалық жағдай аясында тоқта тұрылды деп түсіндірілген.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)